# №5 Хаттама

## Қосымбай негізгі мектебі

2024 жылдың 15-ші сәуір күні Қосымбай негізгі мектебінде кезектен тыс педагогикалық кеңес өтті.

Қатысқандар: 22

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауының қорытындысы.

Тыңдалды:

Мектеп директоры Д.Елгондина кезектен тыс педагогикалық кеңестің ашылуына дауыс берді. Бүгінгі күн тәртібімен таныстырды.

Мектеп директоры: Д.М.Елгондина - 2023-2024 оқу жылының сәуір айында Қ.Р. Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген (2023 жылғы 27 маусымдағы №183 өзерістер мен толықтырулар енгізу туралы) „Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы", Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша „Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды

басшылыққа алып, мектеп өзін-өзі бағалауды өткізген болатын.

Мектептің өзін-өзі бағалау комиссиясы кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңестің отырысының шешімімен төмендегі құрамда комиссия сайланды:

1. Мектеп директоры Д.М. Ельондина - комиссия төрайымы.
2. Мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары: М.Б. Желдибаева - комиссия мүшесі.
3. Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары: Л.М. Шутенова - комиссия мүшесі.
4. Математика пәні мұғалімі: Е.А. Нұрғалиев - комиссия мүшесі.
5. Шағын орталық тәрбиешісі: Г.Б. Байтуғанова - комиссия мүшесі.
6. Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі: А.Е. Акылбекова - комиссия мүшесі.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №22 өлшемшартта көрсетілген мектепке дейінгі тәрбие жұмысына арналған өлшемшарт, қосымшалар, бастауыш, негізгі және орта білім беру ұйымдарын бағалау, өлшемшарттарының қосымшалары (2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 13-1) негізінде жұмыстар жүргізілді.

Ол бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылының ол бақылау басталғанға дейінгі барлық бағаланатын

кезеңді қамтыды.

Атап, айтқанда комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің ата-аналарына сауалнама жүргізді және оқу жылы ішіндегі жетістіктеріне мониторинг жүргізілді. Сонымен қатар мектеп туралы жалпы мәліметтер, құқық белгілейтін және құрылтайшылық (заңдар) құжаттар, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы, лицензия, хабарлама. Бағалау өлшемшарттарына қосымшаларда келтірілген сандық және сапалық көрсеткіштер талдырылып есеп жасалды.

Сонымен қатар Ақтөбе облысы бойынша Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне оқу нысандары мен тілдері бойынша бітіруші сыныптардың (4-9 сыныптар) контингенті туралы дұрыс мәліметтерді, оқу нәтижелеріне бағалау жүргізу кестесін ұсынып, олардың қызметкерлерінің байқаушы ретінде қатысуы үшін қолдаухат жолданды.

Өзін-өзі бағалау қорытындысының анықтамасымен комиссия мүшесі М.Б. Желдибаева таныстырып шықты.

Педагогикалық кеңестің төрағасы: [signature] Ө. Елгондина

Хатшысы: [signature] И. Азанова